

2022-2023 оқу жылындағы «Болашаковцы» дебат клубының атқарылған жұмыстар есебі

Клуб жетекшісі Турсунбекова Жанар Умрзак кизи

Қыркүйек

5-16 қыркүйек аралығында "Болашақ" мектебінде 8-11 сыныптар арасында мектепішілік пікірсайыс турнирі өтті. Турнирге қазақ, орыс, ағылшын лигалары қатысты. Қазақ фракциясының пікірсайысшылары Тұрғанбай Мариям мен Арманқызы Аяжан лайықты ойын көрсетті, орыс лигасында жеңіске жеткен пікірсайысшылар Целуйко Александр мен Евлантьев Ярослав. Осы дебатерлар аудандық турнирға жолдама алды. "Болашаковцы" клубының пікірсайысшыларын құттықтаймыз!





Қазан

2 қазанда "Мен өз Отанымның азаматымын" тақырыбында Болашақ мектебінде «Болашаковцы» пікірсайыс клубының қазақ лигасының мүшелері "Сириус" және "Феникс" фракцияларының қатысуымен "БП әлем үшін ең үлкен қауіпті атайды" қарары бойынша дебат өткізілді. Пікірталас нәтижелі өтіп, "Сириус" фракциясының Тұрғанбай Мариям, Арманқызы Аяжан сенімді жеңісімен аяқталды. Бүгінгі ойын Республика күніне арналған!





31.10.2022 күні Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай Әл- Фараби ауданына қарасты білім беру мекемелерінің білім алушылар арасында " Желбірей бер көк туым - көк аспанда " тақырыбында аудандық дебат турнирі өтті. Турнирде "Болашак" мектебінің " Авантюристы " орыс фракциясы Остемир Багдаулет , Юнусалиев Акбар І орын иегері атанып қалалық турнирге жолдама алды.





Қараша

-15.11.2022 күні Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыруда " Мұхтар Әуезовтың 125 - жылдығы " жалпы ұлттық мәдени - білім беру жобасы аясында " Болашақ - Зияткер " жолдастық пікірсайыс турнирі үш лигада болып өтті . Турнирдің қорытындысына келер болсақ :

Қазақ лигасы I - орын Болашақ мектебі " Сириус " фракциясы: Турганбай Марьям, Арманкызы Аяжан

"Үздік талпыныс" номинациясы " Феникс " фракциясы: Айтбай Саят Енсебай Асима

Орыс лигасы

"Үздік талпыныс" номинациясы «Камри» фракциясы: Остемир Багдаулет, Юнусалиев Акбар

Ағылшын лигасы I-орын: «Болашақ» фракциясы: Амангелди Аружан, Досанбек Адия



Желтоқсан

-03.12.2022 Т.Рысқұлов атындағы No25 мектеп–гимназия базасында Республиканың Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-терегім» тақырыбында қалалық іріктеу кезеңі өтті. Мектебімізден Өстемір Бағдәулет пен Юнусалиев Акбар орыс фракциясы атынан, және Тынысбек Мәди ағылшын фракциясы атынан қатысты. Біздің тәжірибелі пікірсайысшыларымыз тамаша ойларымен, дәлелді пікірлерімен көзге түсіп, II-орынға ие болды, ал Өстемір Бағдаулет келесі турға өтіп қаламыздың абыройын қорғауға жолдама алды.



-09.12.2022 күні мектебімізде «Болашақ» жоғары колледжі мен «Болашақ» мектебінің пікірсайысшылары арасында жолдастық турнир өтті. Екі мекеменің пікірсайысшылары тамаша ойын көрсетті. Тағы бір жолдастық турнир өз мақсатына жетті: тәжірибе алмасу және достар шеңберін кеңейту.

Турнирдің қорытындысына келер болсақ :

Қазақ лигасы I - орын Болашақ мектебі " Сириус " фракциясы: Турганбай Марьям, Арманкызы Аяжан.



-2022 жылы 12-13 желтоқсанда Өстемір Бағдаулет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кубогына арналған Республикалық пікірсайыс турниріне қатысты. Бағдәулет облыстық және қалалық деңгейдегі пікірсайыс турнирлерінің бірнеше дүркін жеңімпазы, еліміздің бас қаласы Астана қаласында өткен турнирге пікірсайысшымыздың қатысып сертификатпен иеленді.



Қаңтар

10-12 қаңтар күндері "Болашақ" мектеп мекемесінде Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Алғыс айту күніне арналған "Ризашылық - мейірімділік бұлағы" жалпыұлттық мәдени - білім беру жобасы аясында Ұлттық

пікірсайыс турнирінің мектепшілік іріктеу кезеңінің нәтижесі бойынша: "СИРИУС" ҚАЗАҚ ФРАКЦИЯСЫ: Тұрғанбай Мариям, Арманқызы Аяжан «ГРАДУС» ОРЫС ФРАКЦИЯСЫ : Евлантьев Ярослав , Ким Кирилл, «JUSTICE» АҒЫЛШЫН ФРАКЦИЯСЫ: Досанбек Адия , Амангелді Аружан аудандық турнирге жолдама алды.



-21.01.2023 Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Қосымша білім беру оқу салалық орталығының ұйымдастыруымен А.Навои атындағы №11 мектеп базасында Ризашылық мейірімділік бұлағы жобасы аясында Әл - Фараби ауданына қарасты 9-11 сынып білім алушыларының

арасында Ұлттық пікірсайыс турнирінің аудандық іріктеу кезеңі өтті. Турнир нәтижесінде мектебіміздің орыс фракциясы “ Градус ” Евлантьев Ярослав , Ким Кирилл II орын дипломымен , ал ағылшын фракциясы " Justice " Доссанбек Адия , Амангелді Аружан “ Үздің талпыныс ” номинациясымен қалалық турнирге жолдама алды.



27.01.2023ж. Ұлттық пікірсайыс турнирінің қалалық іріктеу кезеңінен жүлделі III орынға иелендік! Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Алғыс айту күніне арналған " Ризашылық - мейірімділік бұлағы " жалпыұлттық мәдени - білім беру жобасы аясында Жоғары педагогикалық колледж

базасында қалалық Ұлттық пікірсайыс турнирінің іріктеу кезеңі өтті. Орыс фракциясы Евлантьев Ярослав, Целуйко Александр Семенов Руслан Альбертовичтің жетекшілігімен жүлделі орынға ие болды, ал Евлантьев Ярослав төрешілердің шешімімен Астанада болады республикалық дебат турниріне жолдама алды.



Ақпан

-16.02.2023Ж. Астана қаласында өткен Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени - білім беру жобасы аясында мектеп оқушылары арасында өткізілген Ұлттық пікірсайыс турнирінде "Болашақ" мектебінің 10 "В" сынып оқушысы

Евлантьев Ярослав белсенділік танытып ,оқу -ағарту министрі Ғани Бейсембаев қолынан сертификат алды.



-22.02.2023ж. Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп - гимназиясында " Дебат қозғалысы " жобасы аясында А.Асқаровтың 100 жылдығына орай жолдастық кездесуі өткізілді . Кездесудің мақсаты : "Дебат қозғалысы " жобасын дамыту , пікірсайысшылардың арасында достық қарым -

қатынасты нығайту . Биздин дебатерлар " Шындық " фракциясы Даулет Дидар , Жахан Бакберген III - орын дипломына ие болды.



24.02.2023 жылы «Ризашылық - мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени - білім беру жобасын іске асыру мақсатында Алғыс айту күніне орай бір аулада орналасқан " Болашақ " жоғары колледжінің білім алушылары мен " Болашақ " мектебі мекемесі оқушыларының арасында


жолдастық турнир өткізілді. Турнир нәтижесі бойынша: I - орын " Жалын " фракциясы " Болашақ " жоғары колледжі II - орын " Феникс " фракциясы " Болашақ " мектебі мекемесі III - орын " Сириус " фракциясы " Болашақ " мектебі мекемесі.



Наурыз

01.03.2023 “Ризашылық - мейірімділік бұлағы ” жалпы ұлттық мәдени - білім беру жобасын іске асыру мақсатында 1 - Наурыз " Алғыс айту " күніне орай мектепшілік 3 лига бойынша педагогтердің арасында турнир өткізілді . Турнирде ерекше өздерінің білімі және сөз шеберлігімен көзге

түскен ұстаздар дипломен марапатталды Турнирдің мақсаты : “ Дебат қозғалысы ” жобасын дамыту , ұстаздарымыздың пікірсайысқа деген қызығушылықтарын арттыру.



-20.03.2023 ж . Шымкент қаласы білім басқармасы " Қосымша білім " беру оқу салалық орталығының " №2 Дарын үш тілде ұйымдастыруымен мамандандырылған мектеп - интернатының базасында « Ұлы күні ұлыстың , басы болсын ырыстың!» тақырыбында Тұран ауданына қарасты білім беру мекемелерінің педагогтері арасында аудандық дебат турнирі өтті . Мақсаты Білімді ұлт ” сапалы білім беру "

ұлттық жобасын іске асыру , білім беру ұйымдарында пікірсайыс қозғалысын дамыту , кеңінен насихаттау болды .

Турнир қорытындысы бойынша :

Қазақ лигасы: I орын - "Болашақ" фракциясы Оралбай Айдана, Арыстанова Күнсұлу
Орыс лигасы бойынша I орын- " Выскочки " фракциясы Семенов Руслан . Оразбай Нуржан.
Ағылшын лигасы - III орын Genials " фракциясы Онеров Азамат , Нуртаза Айткул



-08.04.2023 Зияткер-Тұран мектебінде 6-8 сынып оқушылары арасында қалалық дебат турнир өтті. Мектебімізден дебатқа 7-сынып оқушылары: Нысанбай Нұрдәулет, Көреген Алуа, Сенкебаев Жаннұр, Алиев Аслан барды. Біздің әлі жас пікірсайысшыларымыз үшін бұл үлкен тәжірибе болды. Орыс лигасының пікірсайысшылары «Ұздық талпыныс» номинациясымен иеленді.



Сәуір

-15.04.2023 №35 мектеп базасында "Білімді ұлт сапалы білім беру" Ұлттық жобасын іске асыру мақсатында жалпы орта білім беретін мектеп педагогтері арасында" БІЛІКТІ ҰСТАЗ - САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ " қалалық дебат турнирі өтті . Турнир қорытындысы бойынша : Қазақ лигасы ІІІ орын «Болашақ» фракциясы Оралбай Айдана , Арыстанова Кунсулу

Орыс лигасы ІІІ орын "Высочки" фракциясы Семенов Руслан, Оразбай Нуржан.



Мамыр

-13.05.2023 №47 мектеп базасында оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы "Жалпыұлттық мәдени - білім беру» жобасын іске асыру мақсатында "Мейірімділік әлемді кутқарады" тақырыбында 6-11 сынып пікірсайысшылар арасында қалалық дебат турнир өтті. Орыс фракциясы: І орын-Евлантьев Ярослав пен Сенкебаев Жаннұр
Ағылшын фракциясы: ІІІ орын -Амангелді Аружан мен Көреген Алуа.

Ағылшын лигасының лидеры Амангелді Аружан «Ұздік спикер» номинациясына лайық деп табылды.



27.05.2023ж №38 мектеп базасында балаларды қорғау күніне арналған «Балаларды қорғау-болашаққа бағдар» тақырыбында жалпы орта білім беретін мекемелердің оқушылары арасында қалалық пікірсайыс өтті. Біздің пікірсайысшылар ІІ орын дипломымен марапатталды. Олар- Орыс фракциясы «Коты» Букенова Аружан, Ким Кирилл.



Дебат клубының жетекшісі: _____Турсунбекова Ж. У.